

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры туралы
Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 3 қыркүйек 1996 жылғы N 1080.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.29. N 323 қаулысымен. ~P000323

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын
құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы
N 688 Жарлығын U920688_ орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қоры туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі салық органдарымен өзара іс-қимыл жасап Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына сақтандыру
жарналарын төлеушілерді тіркеуді екі ай мерзімде қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 қыркүйектегі
N 1080 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қоры туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер мен міндеттер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қоры (бұдан әрі - Қор) Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау органдары жүйесіне кіреді.

2. Қордың негізгі міндеттері:

міндетті сақтандыру жарналарын төлеушілерді толық есепке алу мен тіркеуді қамтамасыз ету;

жәрдемақы төлеуге арналған қаражатты шоғырландыру және оған жұмсалатын шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз ету;

қор қаражатының түсуінің және жұмсалудың есебін ұйымдастыру;

сақтандыру жарналарының төленуіне және Қор қаражатының нысаналы мақсатта жұмсалудына бақылау жасау.

II. Қор қаражаты

3. Қор қаражаты:

міндетті жарналарды төлеушілердің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударымдары;

жарналар белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда есептелген өсім сомасы;

әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен берілетін санаторлық жолдамалардың ішінара құнының түсімдері;

басы бос қаражаттарды мемлекеттік бағалы қағаздар немесе мемлекеттік банктердің депозиттеріне орналастырудан алынған табыстары;

жұмыс берушінің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі қолданылып жүрген ережені бұзу салдарынан болған еңбек жарақаты мен кәсіби ауруға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы төлеуге арналған шығын сомасының орнын толтыру;

әлеуметтік сақтандыру бойынша белгіленген тәртіппен сақтандыру жарнасы есебіне есептеуге алынбаған шығыстар;

Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да түсімдер е с е б і н е н қ ұ р а л а д ы .

4. Қордың ақшалай қаражаты:

еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты, жүктілігіне, босануына байланысты, бала туғанда, жерлеуге берілетін жәрдемақыны қаржыландыруға; сауықтыру сипатында көрсетілетін қызметтерге жұмсалады.

5. Қордың ақшалай қаражаты мемлекеттік бюджеттің құрамына кірмейді, а л ы п қ о ю ғ а ж а т п а й д ы .

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарының тарифтері және оларды Қорға аудару нормативі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

6. Қорға қаражат аудару үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінде халықты әлеуметтік қорғау органдары белгіленген тәртіппен ш о т т а р а ш а д ы .

7. Қаражаттың басы бос қалдықтары Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттік банкіндегі қордың тиісті есебіне жинақталады және белгіленген тәртіппен мемлекеттік сақтандыру жөніндегі шығыстарды өтеуге ж ұ м с а л а д ы .

Қызмет көрсетуші банктеріндегі төлеушілердің сақтандыру жарнасының шотына түсетін әлеуметтік сақтандыру шығыстарының орнын толтыруға арналған Қор қаражаты мақсатты түрде қатаң жұмсалады.

8. Сақтандыру жарналарын уақтылы және толық аудару және қаражаттың мақсатты жұмсалуы үшін ұйымдардың басшылары мен бас бухгалтерлері жауап б е р е д і .

ІІІ. Қорды басқару

9. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қордың басқару органы табылады.

10. Қордың оперативтік және ағымдағы міндеттерін шешу үшін Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының істері жөніндегі Бас басқарма, жергілікті халықты әлеуметтік қорғау органдарында тиісті құрылымдық бөлімшелер қ ұ р ы л а д ы .

11. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының істері жөніндегі бас басқарма және халықты әлеуметтік қорғау органдарының тиісті құрылымдық б ө л і м ш е л е р і :

Қордың перспективалық және ағымдағы міндеттерін айқындайды; міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарын төлеушілердің толық есебінен және тіркеуді қамтамасыз етеді;

Қорға мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға арналған сақтандыру жарналарының уақтылы және толық түсуін және оның қаражатының мақсатқа с а й ж ұ м с а л у ы н б а қ ы л а й д ы ;

республикалық және аумақтық деңгейде алдағы жылға арналған Қор

бюджетін қалыптастыру жөнінде ұсыныс әзірлейді және олардың орындалуы туралы есептер құрастырылады;

Қорға сақтандыру жарналары аударымдарының нормативтері жөнінде ұсыныс әзірлеуге қатысады;

Қор қызметінің мәселелері бойынша ұйымдық әдістемелік және түсіндіру жұмысын жүзеге асырады.

ІҮ. Қор бюджетін бекіту

12. Қор бюджетін Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ү. Сақтандыру жарналарының төленуін және
Қордың қаражатының жұмсалуды бақылау

13. Сақтандыру жарналарының толық әрі уақтылы төленуін, Қор қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

ҮІ. Дауларды шешу

14. Сақтандыру жарналарын төлеушілер мен жергілікті халықты әлеуметтік қорғау органдары арасындағы Қорға сақтандыру жарналарын есептеу мен төлеу және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуы мәселелері жөніндегі барлық дауларды халықты әлеуметтік қорғаудың жоғары тұрған органы шешеді немесе Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен шешіледі.